



## СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТА НАҚТЫЛЫҚ ПЕН МЕХАНИЗМ КЕРЕК

**Кешегі ректорат мәжілісінде ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабыл Рамазанов ҚазҰУ-дың 2013 жылғы ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі жайлы есеп берді. Сондай-ақ ол университеттің ғылыми-инновациялық құрамдас бөлігін көбейту жолдарына тоқталды.**

Зерттеу университетіне айналу жолында аса маңызды болып табылатын ғылыми-инновациялық қызмет жайлы хабарламасын проректор бірнеше бөлімдерге тұжырымдады. Атап өтсек, жалпы мәліметтерді қамтыған ғылыми-зерттеу қызметі, инновациялық қызмет, Spin-off компаниялар, стандарттау және метрология, студенттердің ғылыми-инновациялық жұмысы, ғылыми мамандарды даярлау және 2014 жылға арналған стратегиялық мақсаттар. Проректордың хабарлауынша, 2013 жылы университет ғалымдары жалпы қаржыландыру көлемі 4 млрд. 223 млн.тг-ні құрайтын 589 жобаны жүзеге асырған. Олардың 334-і ҚР БЖҒМ тарапынан гранттық түрде қаржыландырылса, 175-і халықаралық қорлар мен ұйымдардың гранты, 51-і ұйымдар және кәсіпорындармен жасалған шаруашылық келісімдерінің аясындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары, өзге де гранттар мен жобалардың жемісі болып табылады. Сонымен қатар Тілекқабыл Сәбитұлы ҚР БЖҒ министрлігі тарапынан қаржыландырылатын гранттық жобалар санының жылдан-жылға артып отырғанын жеткізді. Мәселен, 2011 жылы – 178, 2012 жылы – 295, 2013 жылы – 334. Өткен жылы «Халық тарих толқынында» президенттік бағдарламасы бойынша республикалық маңызы бар 2 ғылыми орталық пен зертхана ашылған.

Олар: «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасы, Орта Азияның дәстүрлі өркениетін зерттеу орталығы, Дүние жүзі тарихын зерттеу орталығы. Сондай-ақ былтыр ОПҚ мен ғалымдар арасында шетелдік тәжірибе алмасу, ғалымдардың халықаралық конференциялар мен семинарларға қатысу белсенділігі де артқан.

2013 жылғы халықаралық деңгейдегі атаулы шаралар мен университеттің ғылыми-инновациялық жетістіктерін қорытындылай келе, проректор: «ҚазҰУ Қазақстан Республикасы инновациялық жүйесінің даму нүктесіне айналуы мақсат етеді. Ол үшін «Инновациялы Алматы», медико-биологиялық кластер және инновациялық кластер кезеңдерін жүзеге асыру жоспарланып отыр. Ал бұл өз кезегінде «Алатау» инновациялық технологиялар паркінің резиденттерін құрайтын болады», – деді.

Күн тәртібіндегі тақырыпқа қатысты ректорат мүшелері өз ойларын ортаға салды. Философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова факультет тынысымен бөлісті: «Бағытымыз зерттеу университеті болғандықтан, бүгінгі тақырып әрқайсымыз үшін өзекті. Алдыға ауқымды жоспарлар қою нәтижесінде біз көптеген психологиялық тосқауылды жеңдік. Біздің оқытушыларымыз бүгінде студентпен бірлесе жұмыс

жасай отырып, жоғары импакт факторлы журналдарға материал беруде. Біздің мақалаларымыз Thomson Reuters журналдарында жарық көруде. Сонымен қатар біз отандық және шетелдік ғылыми жетекші таңдау мәселесіне айрықша көңіл бөліп отырмыз. Факультеттегі әрбір оқытушының танымдылығын арттыру бағытында жұмыс жасалынууда. Қазір әлеуметтік тапсырыстар пісіп жетілді. Мысалға, ғылыми зерттеулерді жүргізу әдістемесі бойынша тапсырысымыз бар», – дей келе, ҚазҰУ ғалымының этикалық кодексін әзірлеуді ұсынды.

Ректор Ғалым Мұтанұлы әлеуметтік-гуманитарлық салалардың инновацияға өзіндік үлес қосу ісіндегі жұмысына оң баға бере отырып, университет оқытушыларының 80-90 пайызын ғалымдар құрайтындықтан ҚазҰУ ғалымының этикалық кодексін әзірлеуге қолдау білдіретінін жеткізді. Сонымен қатар ректор: «Жаңа талаптарға сай жұмыс істеу қажет. Үлгі боларлық нәтижелер бар, сондықтан осы жаққа бет бұрған жөн емес пе?!» – дей келе, айналамызда әлеуметтік, тұрмыстық, шаруашылық және саяси мәселелер өте көп болғандықтан, әлеуметтік тапсырысқа қол жеткізу керектігін қадап айтты. «Келер жылғы стратегиялық мақсаттарды айқындауда нақтылық басшылыққа алынып, жүзеге асыру механизмі тиянақты ойластырылуы керек. Сонда ғана нәтиже болмақ. Факультеттер мен кафедралардың қазіргі деңгейі, жетістіктері мен кемшін тұстарын осылай анықтап отыратын боламыз», – деп тапсырма берді.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

## ЭНДАУМЕНТ ҚОР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

**Эндаумент қорларының тарихы ежелгі Грекияда өзінің Академиясын қаржыландыру мақсатында Платон құрған қордан бастама алады екен. Ал Орта ғасырлар тарихына үңілсек, бүгінгі эндаумент қорларға ұқсас мекеме 1502 жылы ағылшын патшасы VIII Генридің әжесі Маргареттің Оксфорд және Кембридж университеттерінде теология кафедраларын құру мақсатында осы университеттерге бөлген қаражатына байланысты Ұлыбританияда пайда болған. Сондай-ақ заманауи үлгідегі алғашқы эндаумент қорлар АҚШ-та пайда болып, білім беру мекемелеріне мемлекеттен тыс көмек көрсету мақсатын көздеген екен.**



Халықаралық эндаумент қорларының қатарына атақты Нобель қоры да жатады. Альфред Нобельдің өсиеті бойынша оның мүлкін сатудан түскен қаражатқа сенімді құнды қағаздар алынып, олардан түскен пайыздар есебінен жыл сайын ғалымдарға ғылымдағы жетістіктері үшін, ал қоғам және мемлекет қайраткерлеріне бейбітшілікке қол жеткізу және нығайтуға қосқан үлесі үшін сыйлықтар беріліп отырады. Ал эндаумент қоры ретінде құрылған және жылына бірнеше миллиард долларлық бюджеті бар АҚШ-тың Ұлттық өнер қоры бұл елде ешқашан болмаған Мәдениет министрлігінің

қызметін атқарады. Демек, көптеген шетелде эндаумент қорларының тарихы тамырын тереңге жайған және олар бұл елдердің тәжірибесінде дәстүрге еніп, университет қажеттілігін қаржыландыру көзіне айналған. Егер білім ордасын әлемдік рейтингден көргіміз келсе, эндаумент қорды айналып өте алмаспыз анық. Бұл, әрине, дамуға арналған мемлекеттік қаржыландыруға қосымша қаржы көзі болуы тиіс. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов 2014 жылдың 17 ақпанында өткен Ректорат мәжілісінде ректорат мүшелеріне бағыттап эндаумент қордың

дамуына кем дегенде бес мың теңге аударсын деген қаулы қабылдаған болатын. Әрі бұл ректорат қаулысына ректорат мүшелері бір ауыздан қолдау танытты. Осы орайда қазақстандық ЖОО тәжірибесіне эндаумент қорларын енгізу мәдениеті әрі олардың пайдасы жайлы ректорат мүшелерінің пікірлерін білген едік. Олай болса, назарларыңызға эндаумент қордың тәжірибесі, пайдасы жайлы ректорат мүшелерінің пікірлерін ұсынамыз.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Жалғасы 2-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

**ҚАЗАҚТЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ- МӘҢГІЛІК ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНА**



5-бет

### БҮГІНГІ САНДА:

**ЕЛДІК МҮДДЕ МЕН ЕРЛІК РУХТЫ ЖЫРЛАҒАН АҚЫН**



6-бет

### БҮГІНГІ САНДА:

**БӘЙШЕШЕК ЖАРДЫ ҚАУЫЗЫН СҰЛУ СЕЗІМДЕЙ...**



8-стр.

Жалғасы. Басы 1-бетте

# ЭНДАУМЕНТ ҚОР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

**Баян ЕРМЕКБАЕВА,**

экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:



- Эндаумент - алғашқы рет Америка Құрама Штатында қалыптасқан қор. Бұл қордың мақсаты - білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет салаларындағы мекемелерді мемлекеттік емес көздерден қаржылық қолдау.

Эндаумент қордың әлемдегі ең ірі қорлары - нобельдік қор, Гарвардтық қор.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерекелі жылында университетімізде осындай қор қалыптастыру туралы ректораттың мәжілісіндегі шешімді дұрыс деп қабылдаймыз. Біздің университеттің түлектері де мұндай ізгі бастаманы қолдап, өздерінің сапалы білім, тәрбие алған ұшқан ұяларының өркендеуіне өз үлестерін қосатынына сенімдіміз.

Осыдан екі жыл бұрын университет ректоры академик Г.М. Мұтановтың бастамасымен оқу үлгерімі жақсы, әлеуметтік жағдайлары төмен студенттерге университет түлектері, жұмыс берушілер және меценаттар тарапынан шәкіртақы тағайындауды қалыптастыру ісі қолға алынған еді. Алғашында қиын болады-ау деген қобалжу болғаны рас. Қазір бұл іс университетте әдетке айналып отыр. Өткен оқу жылында бір ғана біздің экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттеріне 5 млн теңгеден аса қамқорлық көмек көрсетілді.

Ең бастысы, біздің мақсатымыз - жақсы істі бастап, қолдау көрсету. Біздің ойымызша, эндаумент қоры да қолдау тауып, университет ұжымының игілігіне үлесін қосады.

**Сағынғали АЙДАРБАЕВ,**

халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі,  
заң ғылымдарының докторы:



- Эндаумент қорлар шет елдердің тәжірибесінде өздерінің жоғары тиімділігін дәлелдеді, өйткені университеттер үшін маңызды сипаттағы білім беру, ғылыми және өзге де бағдарламаларды қаржыландырудың тұрақты да ұзақ мерзімді қайнар көзіне айналды. Мысалы, бүгінде Гарвардтың эндаументі - 34 миллиард, Иель университетінің эндаументі - 16,3 миллиард, Стэнфорд пен Принстон университеттерінің эндаументі - 12,6 миллиард АҚШ долларын құрайды екен. Жалпы алғанда, бүгінгі күні 80 университеттің эндаумент қорларының капиталы 1 миллиард доллардан асып жығылады. Бұл университеттердің жылдық бюджетінің 45%-ына дейінгісін эндаумент қорлардан түсетін қаражат құрайды. Принстон мен Стэнфордтың эндаумент қорлары бұл университеттердің жылдық бюджетіне 500 миллион долларға дейін қаражат бөліп отырады. Яғни эндаумент қорлар АҚШ университеттерінің күнделікті қажеттіліктерін қаржыландырудың маңызды көзіне айналған. Эндаумент қорларының арқасында америкалық университеттер ғылымның көптеген бағыты бойынша әлемде бірінші орынды ешкімге бермей отыр. Эндаумент қоры арқылы университеттер маңызды ғылыми, білім беру, инновациялық бағдарламаларды тұрақты да үнемі өсіп отыратын қаржыландыру көзіне қол жеткізеді.

Біздің елімізде эндаумент қорларына байланысты тиісті тәжірибе қалыптаспаған, тіпті, мұндай дәстүр ешқашан болмаған да. Бұл орайда ҚазҰУ осы қорды дамыту мәдениетін соңғы үш жылдан бері айтып келеді. Сондықтан бүгінгі күні университетіміздің эндаумент қорының ең бастапқы капиталын оқытушылар құрса, оның белгілі бір символикалық мәні болар еді деп есептеймін. Осы тұрғыдан университет ректоры Г.М. Мұтановтың мерейтой қарсаңында эндаумент қорды құру үшін ректор болып, ректорат мүшелері болып алғашқы қаражатты өз еңбекақымыздан ерікті түрде беру бастамасына ректорат мүшелерінің бірауыздан қолдау танытқаны шетелдік тәжірибеге дұрыс мәдениеттің қалыптасқанын аңғартады. Кім біледі, уақыт өте университетіміздің эндаумент қоры миллиард долларларға да жетіп жатар, бірақ оның мөлшері қандай болса да қорды бірінші болып қалыптастырған университет оқытушылары еді деген атақ мәңгі өшпейді. Уақыт өте қоғамда университеттерге қолдау көрсету бойынша тиісті мәдениет қалыптасатыны сөзсіз, ал бүгінде бұл мәдениеттің бастамасы оқытушылардан басталуы керек.

**Ердос ОҢҒАРБАЕВ,**

химия және химиялық технология факультетінің деканы:



- Эндаумент қорын құру әлемдік деңгейдегі университеттердің тәжірибесінде бұрыннан бар екендігі бәрімізге белгілі. Әсіресе америкалық университеттердің эндаумент қоры бірнеше миллиард долларды құрайды, тіпті, олардың түлектері өз қаржысына ғимарат салып беріпті деген мысалдар да кездеседі. Атақты Нобель сыйлығының өзі де Нобельдің қаржысын инвестицияға салып, одан түскен пайдадан беріледі.

Сондықтан біздің университет қызметкерлері әрі түлектері өз қара шаңырағының дамуына үлес қосып жатқандығы құптарлық нәрсе. Ректордың бастамасымен ректорат мүшелерінің бөлген қаржысымен эндаументтің алғашқы қорының жинақталуы «әрбір істе өзіміз үлгі болып, өзімізден бастауымыздың» көрінісі деуге болады. Болашақта университет оқытушылары мен қызметкерлері де өз еріктерімен жанашырлық танытып, өздері бітірген немесе қызмет етіп жатқан оқу ордасының гүлденуіне титімдей болса да үлес қосып жатса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Дегенмен негізгі қорды үлкен бизнес өкілдерінен, меценаттардан, біздің белгілі түлектерден күтетіміз сөзсіз. Бұл үшін, әрине, олардың бойында осындай нағыз жомартқа тән, өзінің түлеп ұшқан ұясының алдындағы парызы мен жауапкершілігі туралы көзқарас қалыптастыру қажет. Еліміздің жағдайы бар азаматтарының бойында әзірше ондай түсініктің кемшін түсіп жатқандығын мойындауымызға тура келеді. Дегенмен «көш жүре түзеледі» демекші, өз түлектеріміздің бойында өзі бітірген мектебіне, жоғары оқу орнына деген құрметін білдіретін қасиеттер қалыптастыру - біздің де міндетіміз. Әрине, мектебіне, ауылына құрмет көрсетіп, сый сыйлап жататындар кездеседі, егер сондай кісілерді университетке де мойын бұрғыза алсақ, бұл да тәрбиенің бір ұшқыны. Ал қорға бөлінген қаржының университетті дамытуға, оның материалды-техникалық базасын жақсартуға, іс-шаралар ұйымдастыруға жұмсалатыны анық.

## ЭНДАУМЕНТ: КОГДА ДЕНЬГИ НЕ РАСХОДУЮТСЯ, А РАБОТАЮТ НА БЛАГО ОБРАЗОВАНИЯ

**На современном этапе развития казахстанского образования, в условиях растущей конкуренции КазНУ активно использует новые механизмы повышения престижа высшего образования, привлечения долгосрочных инвестиций в университетскую науку. Одним из перспективных инструментов такого процесса становится эндаумент-фонд целевого капитала, формируемый из благотворительных пожертвований в пользу вуза.**

Именно такие фонды способны за счет средств частных лиц, корпораций, благотворительных организаций, ассоциаций выпускников стимулировать инновационные процессы в вузе, финансировать конкретные научные исследования, поддерживать талантливых студентов. Отличительным признаком эндаумент-фондов является то, что на финансирование вуза используется не капитал эндаумента, а лишь полученный от него доход.

Эндаументы впервые возникли в США и использовались, прежде всего, для государственной поддержки образовательных учреждений. В настоящее время эндаумент Гарвардского университета составляет более 34 миллиардов долларов, свыше 10 миллиардов - у Йельского, Принстонского и Стэнфордского университетов. Благодаря накоплениям в эндаумент-фондах потребности в государственных деньгах у ведущих американских вузов уже нет. Это приводит к автономии университетов не только на бумаге, но и фактически: в определении генеральной траектории развития вуза, учебной стратегии, стимулирующих программ для студентов и преподавателей, грантовых проектов и многого другого. Не случайно европейские студенты, выбирая вуз, предпочитают университеты с наибольшими накоплениями в эндаумент-фондах. Это - гарантия предоставления наиболее качественных образовательных услуг, приглашения лучших преподавателей, использования передовых методов и технологий.

В КазНУ также активно действует эндаумент-фонд. Первыми его вкладчиками стали люди, душой болеющие за будущее нашего образования, наших детей. Искреннюю заинтересованность высказали 17 февраля 2014 года на заседании Ректората ведущие профессора и ученые КазНУ, принявшие единодушное решение о добровольном перечислении части заработной платы за февраль в эндаумент-фонд вуза.

Ректор КазНУ Г.М. Мутанов не раз отмечал, что «механизм эндаумент-фондов обеспечит вузу долгосрочный стабильный источник финансирования образовательных и научных программ. И если КазНУ сумеет привлечь средства, то в будущем он будет иметь значительное и долгосрочное конкурентное преимущество на рынке образовательных услуг за счет производства знаний».

Безусловно, эндаумент для Казахстана - дело относительно новое. Необходимо провести ряд разъяснительных мероприятий, крупные фандрайзинговые кампании и многое другое, чтобы вырастить отечественных меценатов. Не все представители крупного и среднего бизнеса понимают перспективность такого вложения средств. Однако надо помнить, что имена меценатов всегда вписывались золотыми буквами в историю отечественного образования и служили примером истинного патриотизма и величия духа.

**Н.Т. ШЫҒЫСОВА,**  
зав. каф. ЮНЕСКО международной журналистики и связи с общественностью факультета журналистики;  
**Е.И. ДУДИНОВА,**  
доцент факультета журналистики

■ КҮНТІЗБЕЛІК

Басы өткен санда

## ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

2004 жыл

**15 қаңтар** - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 70 жыл толды. Мерейтойлық жыл аясында университет тарихына арналған 3 томдық кітап, «Қарашанырақ», «Ғалымдар. Педагогтар. Устаздар», «Адамдар. Мырза тағдырлар» кітаптары мен «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» атты анықтамалық сілтеме жинағы жарыққа шықты.

**Қаңтар** - ҚазҰУ-да ЮНЕСКО ұйымының қолдауымен «XXI ғасыр өркениеті дамуындағы университеттердің рөлі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

**12 ақпан** - 14 жаңа құрылыс нысандары бар университет құрылысының екінші кезеңін бастау Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтан қолдау тапты.

**28 ақпан** - Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында жастар қоғамдық ұйымдарының бастамасымен III Республикалық «Жастар таңдауы» атты форум өтті. Форумға Қамқоршылар кеңесінің төрайымы, «Асар» партиясының көшбасшысы Д.Н.Назарбаева қатысып, сөз сөйледі.

**25 маусым** - Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «Отан» республикалық саяси партиясының тікелей қолдауымен жоғары оқу орындары үздіктеріне арналған «Жастар сапалы білім үшін» атты Республикалық слет болды.

**2 шілде** - Университет Ғылыми Кеңесі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2005-2010 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарын бекітті.

**8 қыркүйек** - университеттің 70 жылдық салтанатты мерейтойының құрметті қонақтары - Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Чехия Республикасының Президенті Вацлав Клаус ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының алғашқы іргетасын қалау рәсіміне қатысты.

**Қыркүйек** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистратура мен бакалавриаттың барлық курстарында мамандарды дайындаудың жаңа сатысы - кредиттік технологиялық білім беру үдерісіне көшті.

2005 жыл

**3-4 ақпан** - университетте «Әлемдік білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілетті мамандар дайындау» атты XXXV ғылыми-әдістемелік конференция өтті.

**11 ақпан** - ҚазҰУ-дың тарих факультетінде М. Қозыбаев атындағы аудитория ашылды.

**17 ақпан** - ҚазҰУ-да салтанатты түрде кинозал ашылды, оған Қазақстанның халық әртісі Асанәлі Әшімов қатысты.

**28 сәуір** - университетте Қасиетті Құранның орысша аудармасын жасаған В.М.Порохова дәріс оқыды.

**12-13 мамыр** - университетте «Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуындағы ғылыми-әдістемелік мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

**20-21 мамыр** - Тараз қаласында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орнына дейінгі және кейінгі білім беру республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарына арналған отырысы болды. Кеңес төрағасы университет ректоры Т.Ә. Қожамқұлов.

**25 мамыр** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан-Үнді ақпараттық технологиялар орталығының тұсауы кесілді. Ресми ашылуға Үндістанның Қазақстандағы Өкілетті Елшісі Ашок Кумар Мукерджи мен бірінші проректор Зулқайнар Мансуров қатысты.

**13 маусым** - профессор Н.А. Нүсінбеков атындағы аудитория ашылды.

**19 қазан** - университеттің философия және саясаттану факультетінде II Қасымжанов оқулары өтті.

**14-15 қараша** - «Болон процесіндегі Еуразия жоғары оқу орындарындағы интеграция» атты II халықаралық жоғары оқу орындары ректорларының симпозиумы болып өтті.

**8-9 желтоқсан** - ҚазҰУ да ҚР ҰҒА академигі Я.Ә. Әубәкіровтің 80 жылдығына арналған «Өркениеттік дамудағы ұлттық экономика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

**23-24 желтоқсан** - ҚазҰУ-да ЕҰУ-мен бірігіп ұйымдастырылған «Қазақстан мен ТМД елдерінде интеграция жағдайында экологиялық және аграрлық заңдарды үйлестіру мен дамыту мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Жалғасы 3-бетте

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының «Фемида» клубы  
"ҚазҰУ-ым - рухани байлығым" атты тақырыпта жинақ шығармақ

2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Елбасы тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керектігін баса айтып, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел болып табылатындығын көрсетті. Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы, бабаларымыздың арманы екендігіне Елбасы тоқтала отырып, тиісті арман-мақсаттарға қол жеткізуде не істеуіміз керектігін айтты. Стратегияда белгіленген міндеттерді жүзеге асыру нақты субъектілерге бағытталғанымен, әрбір отансүйгіш азамат ортақ мақсатты көздейтін игі істен шет қалмай, оның жүзеге асырылуына өз үлесін қосуы тиіс. Осы бағытта заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы Президент Жолдауын, оның көздейтін мақсат-мүдделерін жастарымызға жеткізе отырып, қоғамдық сауаттылықты көтеруге ат салысуға өзіндік үлесін қосуда. Кафедра оқытушылары жақында №18 студенттер үйіне барып, жатақхана тұрғындарымен кездесіп, Елбасының Жолдауын насихаттау жұмысын жүргізіп қайтты.

## ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРА

Тиісті кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы студенттермен кездесу барысында оларға Жолдаудың мәнін, маңызын, мазмұнын түсіндіріп, Жолдауда, Қазақстан - 2050 Стратегиясында көрсетілген мақсаттарға жету жөніндегі жұмысқа олардың желсене қатысулары, өз үлестерін қосуы керектігін баса айтты. Студенттер тарапынан тиісті бағытта жасалатын негізгі жұмыс білім алуға ізденіс жасау, білікті маман болуға ұмтылу екендігін айта келе, оқытушылар қандай да бір елдің жетілген ғылымы мен білімі ғана оның қарқынды дамуына жол ашатындығын түсіндірді.

Сонымен, заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының мүшелері мемлекетіміздің отансүйгіш

азаматы ретінде Президенттің аманатын студенттерге жеткізіп, Жолдауда көрсетілгендей, «2050» Стратегиясы, әсіресе жастарға арналғандығын, оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де жастар екендігін баса айтып, оны іске асыруға қатысуда немқұрайлылық танытпай, белсенді болуларын тапсырды. Жолдауды іске асыру билікте отырғандардың міндеті болса, Жолдауды насихаттау, оған ат салысу – әрбір азаматтың, оның ішінде оқытушылардың да, студенттердің де парызы екендігін баяндаумен тиісті іс-шара тиянақталды.

**А.Ж. ЖАРБОЛОВА,**  
з.ғ.к., заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті

## Мәңгілік ел болудың өзегі — дәстүр сабақтастығы

17 ақпан күні философия және саясаттану факультетінде дінтану және мәдениеттану кафедрасының оқытушылары Г. Рысбекова, Ж. Қаңтарбаева, Д. Әтебаеваның ұйымдастыруымен «Мәңгілік ел болудың өзегі – дәстүр сабақтастығы» атты доңғелек үстел өтті.

Факультеттің оқытушылары мен студенттерінің қатысуымен өткен бұл алқалы мәжілісте Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты биылғы Жолдауы талқыланды. Жиынның алғашқы бөлімінде Философия және саясаттану факультеті деканының орынбасары С. Абжалов, дінтану және мәдениеттану кафедрасы меңгерушісінің орынбасары Б. Мейірбаев, профессор Б. Бейсенов сөз сөйлеп, Елбасы Жолдауының мемлекет өмірінде алатын рөліне, мән-маңызына тоқталып өтті. Оқытушылар мемлекет басшысының дамыған 30 елдің қатарына ену жолындағы жоспарларына байланысты ойларымен бөлісіп, студенттерге бағыт-бағдар берді.

Елбасы Жолдауын түсіндіруге арналған жиынның біздер, жастар үшін маңызы зор болды. Жиынымыздың негізгі бағдары болған Жолдаудағы дін мен мәдениет мәселелеріне қатысты ойға түйерлік көптеген тұщымды пікірлер айтылды. Біздер, жастар Қазақ елінің гүлденуі үшін тынбай еңбек етуге міндеттіміз. Ұлы мақсатқа университетіміздің студенттері бүгінгі күні де, болашақта да үлес қосарына сенімдімін. Олай болса, бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ үшін тек алға!

**Елнұр ӘСКЕНҰЛЫ,**  
философия және саясаттану факультетінің 3 курс студенті

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯ КӨПТЕП ТАРТЫЛАТЫН БОЛАДЫ

Биылғы Елбасы Жолдауында география және табиғатты пайдалану факультетінің ғылыми-зерттеу бағыттарына байланысты Қазақстанның минералдық-шикізат ресурстарын, әсіресе пайдалы қазбалардың қорын геологиялық тұрғыдан барлау жұмыстарын жүргізіп, еліміздің жер қойнауындағы байлықтарды шаруашылықтың қажеттілігіне, Қазақстан экономикасын дамыту үшін игеруді қолға алу керектігі үкіметке тапсырылды. Ал, ауыл шаруашылығына инвестиция көбірек салынатынын Президент атап көрсетті. Ауыл шаруашылығы өндірісінің салалары табиғи жағдайлардың әртүрлілігімен тығыз байланысты екенін ескерсек, географиялық тұрғыдан экспедициялық зерттеулерді ұйымдастырып, оларды республикамыздың әртүрлі табиғат ортасында орналасқан фермерлік шаруашылықтарда жан-жақты жүргізуге болатын мүмкіндіктердің туып отырғанын атап көрсетуге болады.

Қазақстанның әртүрлі табиғи және экономикалық зоналарында ауыл шаруашылығының тек кейбір салалары ғана үлкен өнімділік пен тиімділікті қамтамасыз ете алатынын ескеру қажет. Ол үшін жергілікті жерлердегі шағын және орташа іскерлікпен айналысатын шаруашылықтардың өндірістік-экономикалық нәтижелері мен статистикалық көрсеткіштерін талдап, анықтай білу керек. Мұндай экспедициялардың студент жастардың басын біріктіріп, оларды экспедициялық зерттеу әдістемелерімен таныстыруға, үйретуге мүмкіндік туғызатыны сөзсіз.

Жоғарыда аталған ғылыми мәселелермен қатар Жолдауда Қазақстанның ғылыми қамтымды экономикасының «ұстыны» деп аталған, инфрақұрылымдық ұштаған – агломерацияның, көліктің, энергетиканың қарқынды даму жолдары көрсетілген. Осы ұштағанның дамуын айқындауда және олардың ғылыми негіздемесін қалауда географиялық зерттеулердің өз орны бар. Сонымен қатар ғылымдардың басқа салаларымен бірлесіп отырып, кешенді зерттеу жүргізе алатын географиялық әдістемелік амалдары бар.

**Амангелді ТЕМІРБЕКОВ,**  
география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының профессоры

## Елбасы Жолдауы басты назарда

Бүгінгі жастар Елбасының біздің қоғам алдына қойған «Қазақстан-2050» Стратегиямыздың идеяларын білуге және мәнін терең ұғуға тиіс. Себебі бұл Стратегия бірінші кезекте жастарға арналған.

Жақында «Жолдаудың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі нақты шаралардан әрбір қазақстандық хабардар болуы қажет» деген принципі ұстанған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушылары – доценттер Ф. Қозыбақова, Е. Ноянов, С. Смағұловтар филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенттерімен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 17 қаңтарда жарияланған жаңа Жолдауы бойынша әңгіме өткізді. Оқытушылар жаңа Жолдаудың өзекті мәселелерін баяндады. Студенттер тарапынан сұрақтар қойылып, өзара пікір алмасулар болды. Студенттер баяндамашылардың әңгімесін мұқият тыңдап, үлкен қызығушылық танытты.

ҚР Президенті ұлттық білім берудің сапасын жақсартуға ерекше назар аударды. Үлгерімі жақсы студенттер мен оқытушыларды қолдаудың тиімді жүйесін жасау қажеттігін атай отырып, үкіметке 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап стипендиялар мөлшерінің 25 пайызға өсірілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Елбасы Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алып отырғаны мәлім. Сондықтан Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. Қазақ елінің ұлттық идеясы болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін – Мәңгілік Ел идеясы. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Міне, бұл әңгіменің негізгі түйіні де осы болды.

**Сабырхан СМАҒҰЛОВ,**  
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы

## КҮНТІЗБЕЛІК

Жалғасы. Басы 2-бетте

## ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

2006 жыл

**Желтоқсан.** ҚазҰУ-да «Қазақстанда ЖОО-ларда және ЖОО-дан кейін білікті мамандар дайындауға шетел мамандарын тарту» туралы арнайы бағдарлама қабылданды.

2006 жыл

**9-12 ақпан** – ҚазҰУ студенттері Астана қаласында өткен Қазақстан студенттерінің II Құрылтайына қатысты.

**13 ақпан** – тарих факультетінде салтанатты түрде профессор Д.И. Дулатованың аудиториясы ашылды.

**1 наурыз** – ҚазҰУ-да университеттің 1970 - 1986 жылдар аралығындағы ректоры, ҚР ҰҒА академигі Ө.А. Жолдасбековтың туғанына 75 жыл толуына байланысты «Ө.А. Жолдасбеков – ғұлама ғалым, білім мен ғылым саласында білікті ұйымдастырушы, қоғам және саяси қайраткер» атты ғылыми конференция болды.

**17 сәуір** – Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Алматы қаласының әкімі И.Н. Тасмағанбетовтың университет ұжымымен және студенттерімен кездесуі өтті.

**15 мамыр** – Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменовтің студенттермен кездесуі болды. Кездесу қайраткердің 70 жылдық мерейтойына орайластырылды.

**15 мамыр** – ҚазҰУ- еліміздің жоғары оқу орындары арасында бірінші болып ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» берілетін «Алтын сапа» премиясының лауреаты атанды.

**15 қыркүйек** – ҚазҰУ-ға Еуропарламент төрағасының орынбасары Алехо Видал-Квадрас Роко келіп, студенттер алдында «Мультикультуризм саясаты: еуропалық көзқарас» атты дәрісін оқыды.

**22 қыркүйек** – Қазақстан Республикасына арнайы ресми сапармен Ресей Федерациясы үкіметінің төрағасы Д.А. Медведев келді. Қазақстанға келу бағдарламасына сәйкес Ресей саясаткері ҚазҰУ студенттерімен, қызметкерлерімен кездесуі өткізіліп, заң факультетінің студенттеріне дәріс оқыды.

2007 жыл

**25-26 қаңтар** – ҚазҰУ 37-ші «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Стратегиясы: білім саласындағы инновациялар арқылы білім экономикасына» атты дәстүрлі ғылыми-әдістемелік конференциясын өткізді.

**5 ақпан** – ҚР Білім және Ғылым Министрі Ж.Түймебаев «Үздік оқытушы» грант иегерлерін марапаттау рәсіміне қатысты.

**21-27 ақпан** – ҚазҰУ-да Жамбыл Жабаев апталығы өтті. Апталық «XX ғасыр Гомері» атанған ақынның ақынның туылған күніне арналды.

**20 наурыз** – Елбасының Жолдауын талдау және насихаттау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар аясында сенатор Қ. Сұлтанов университет ұжымымен кездесті.

**22 наурыз** – ҚазҰУ профессоры М.М. Бүркітбаевқа Брюссель қаласының НАТО штаб-пәтерінде, осы ұйымның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» жобасы аясында жүргізілген ғылыми әріптестік жұмыстары үшін аса маңызды премиясы табыс етілді.

**2 сәуір** – Салтанатты түрде биология факультетінде профессор Н.Л. Удольскаяға арналған аудитория ашылды.

**4 сәуір** – ҚазҰУ-да алғаш рет «Біз» студенттік драма театры ашылып, «Адастпаңдар!» спектаклінің алғашқы тұсаукесері болды.

**10 сәуір** – ҚазҰУ Оңтүстік Кореяның алдының қатарлы POSCO компаниясымен серіктестік меморандумына қол қойды.

**10 мамыр** – ҚазҰУ-да Қазақ-Француз электронды білім беру институты ашылып Р. Шуман атындағы (Франция) Страсбургск университетінің ректоры Флоранс Бенуа-Ромер университет қонағы болды.

**8 маусым** – университетте ҚР Білім және Ғылым Министрлігі республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

**4-5 қазан** – ҚазҰУ ғалымдары Ресейдің Новосибирск қаласында өткен «XXI ғасырдағы ғылым мен білім» атты ғылыми симпозиумға қатысып қайтты.

**10 қазан** – университетте профессор Т. Кәкішұлының 80 жылдығына арналған «Тұрсынбек Кәкішұлы және қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция болды.

**21 желтоқсан** – ҚазҰУ аясында ашық типті Ұлттық нанотехнологиялық зертхана салтанатты түрде ашылды.

Жалғасы бар...

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мұражайы

Доктору исторических наук, профессору факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби – Кенесу Кожухметовичу Кожухметову исполняется 75 лет. Он всегда стремился поднять уровень казахстанской исторической науки на международную арену. Патриот, интернационалист – он передает свой опыт, знания, душевную сердечность своим последователям. За вклад в науку и международное сотрудничество К.К.Кожухметов награжден медалью Российского общества дружбы со странами Азии и Африки (2006г.), медалью «Ветеран труда», знаками отличия Минвуза СССР и Министерства образования и науки Республики Казахстан.



Дана қазақ «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп жатады. Ондай жандар бұл өмірде аз емес. Күнделікті тіршілікте олар байқала да бермейді. Кейде оңашада отырғанда осындай зиялы да азаматтық келбеті асқақ жандар көңілге оралады. Халқына жасаған қапысыз қызметі жайлы еске түсіп, ерекше ризашылық сезімге бөленесің. Мен үшін осындай жанның бірі, бірі емес бірегейі Өтеғали Қадырғалиұлы деп білемін.



## Преданный науке и Отечеству

К.К. Кожухметов родился в 1938 году в Уйгурском районе Алматинской области, где в мире и согласии живут представители разных национальностей. С детства, будучи любознательным мальчиком, его интересовала история Казахстана и зарубежных стран. Почему возникают войны? Как бороться с несправедливостью? Что влияет на исторический ход развития цивилизации? Ответы на эти вопросы он стремился получить на историческом факультете КазГУ им. С.М. Кирова, который он с блеском окончил в 1956 году.

Свою педагогическую деятельность Кенес Кожухметович начал, давая знания ученикам русско-казахской школы на своей Родине – в Чундже. Пылкий ум, неумное стремление познать все новое привели его в науку. В 1963 году К.К. Кожухметов был принят в аспирантуру кафедры всеобщей истории КазГУ. Будучи человеком общительным, открытым к людям, он притягивал своих учеников-последователей. Участь и получая бесценный богатейший опыт в стенах Института стран Азии и Африки в МГУ им. М.В. Ломоносова и Каирского университета, К.К. Кожухметов защитил кандидатскую диссертацию в 1968 году в Институте Востоковедения АН СССР (г.Москва).

С 1967 года – ассистент, затем старший преподаватель, доцент кафедры Всеобщей истории. С 1984 года по 1987 год – заведующий кафедрой, с 1971 по 1982 гг. – декан заочного исторического факультета КазГУ, с 1989-2004 гг. – заведующий кафедрой Истории стран Азии и Африки факультета востоковедения. В 1997 году защитил докторскую диссертацию по проблемам национально-освободительного движения народов Азии и Африки. Защита докторской диссертации сделала Кенеса Кожухметовича мэтром, ведущим специалистом в области истории стран Азии и Африки. Приобретенные знания он возвращал родному Отечеству, воспитывая своих последователей, учеников, молодых исследователей, тем самым открыл свою научную «Кожухметовскую школу» в отечественном востоковедении.

С 2003 года К.К. Кожухметов

работает профессором кафедры МО на факультете международных отношений КазНУ. Без его внимания не обходилось ни одно научное изыскание на факультете. Он давал целые направления в изучении еще не изведанных, белых пятен в области востоковедения и истории международных отношений. Благодаря его руководству, казахстанцам стали известны научные достижения стран Азии и Африки, о которых в своих работах писали уже наши университетские исследователи. Большой вклад К.К.Кожухметов внес в учебно-методическую работу, возглавляя авторский коллектив КазНУ по созданию учебников для школьников и студентов.

С огромной благодарностью я вспоминаю общение с моим научным руководителем во время работы над докторской диссертацией. Он поверил в меня, в мои силы, несмотря на то, что в то время (в 1990-е годы) не было специалистов по зарубежной журналистике, и Ученый совет факультета журналистики отказывался утвердить тему исследования по зарубежной проблематике. Хочу отметить смелость в принятии решения профессора К.К.Кожухметова, в корне изменившем ситуацию, встав на защиту моей докторской диссертации, которая стала первой в Казахстане по исследованию зарубежной массовой коммуникации. В этом сказались дальновидность и прогрессивный взгляд Учителя. В настоящее время изучение зарубежных средств массовой информации – стало прерогативой кафедры «ЮНЕСКО, международной журналистики и связей с общественностью».

Внимание, отзывчивость, забота, чуткость, поддержка, сопричастность, обязательность – эти черты характерны, именно К.К. Кожухметову. Его стиль работы с воспитанниками отложили отпечаток на всех, кто бы ни сталкивался с этим замечательным человеком. От имени благодарных учеников поздравляю Кенеса Кожухметовича со славным Юбилеем и желаю добра, любви и долголетия.

С.Х. БАРЛЫБАЕВА,  
д.и.н., профессор КазНУ

## Қарнекті ғалым келбеті

Расында, Өтекеңмен ұзақ жылдардан бері бір кафедрада қызметтес болып келемін. Өмірде барынша қарапайым, жанында жүргендерге жанашырлық танытатын ақеділ мінезі бар. Қандай сәтте де аспайтын-саспайтын мінезімен таңғалдырады. Данышпан Абай бабамыздың «көркем мінезді» дейтіні Өтекең секілді жандарға арналып айтылса керек.

Өтекең жақсы азамат-аға ғана емес, еліміздің ғылымына ұлан-ғайыр еңбек сіңірген көрнекті ғалым да. Ғылымға сіңірген еңбегі үшін алған атақ-дәрежесі де атан түйеге жүк болатындай. Жас ғалым 1979 жылы экономика ғылымдарының докторы атанғаннан кейін, бір жылдан соң профессор (1980 ж.), Халықаралық ақпараттану академиясының академигі (1995 ж.) Қазақстан Республикасы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі (1997 ж.), Еуразия Халықаралық экономикалық академиясының академигі (1998 ж.) атақтарын иеленді. Міне, бұл қажымас еңбегінің нәтижесі.

Айтпақшы, оның кандидаттық еңбегі де ешкімге ұқсамайтын ерекшелігімен қызықтырады. Ресей экономикалық университетінің аспирантурасын (бұрынғы Г.В. Плеханов атындағы Мәскеудің халық шаруашылық институты, 1965 ж.) бітірген ол, сол жылы кандидаттық диссертациясын «КССР-да Қоғамдық тамақтандырудың экономикасы мен жоспарлауы» тақырыбына қорғады. Бұл жоғары да айтқынымыздай, 1979 жыл болатын. Содан бергі Өтекеңнің қазақ ғылымына сіңірген еңбегін айтып жеткізу оңай емес. Тізбелей берсек біраз алтын уақытымызды алатыны сөзсіз. Аспирантурадан кейін Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-да (бұрынғы Алматы халық шаруашылық институты, 1965-1978 жж.) ассистент, аға оқытушы, доцент, декан, кейін 1979-2002 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, ҚазҰАУ-дың, Қазақ Архитектура-құрылыс академиясының кафедра меңгерушісі қызметтерін үлкен абыроймен, елеулі жетістіктермен атқарды.

Сонымен қатар аталған кезеңде (1985-1989 жж.) Қазақ ССР Ғылым академиясының өндірістік күштерді зерттеу бойынша Кеңестің басшысының бірінші орынбасары және бөлім меңгерушісі, ал 1999-2002 жж. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және құқық институтының ғылыми-әдістемелік орталығы директорының орынбасары қызметтерін атқарған. Ал 2002 жылдың қыркүйегінен бастап бүгінге дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың экономика және бизнес жоғары мектебінің «экономикалық теория», «менеджмент және маркетинг» кафедраларының профессоры. Жалпы, ғылыми-педагогикалық қызмет стажы 53 жылдан асты. Бұл дегеніңіз бір азаматтың

орта жасы. Осынша жыл табан аудармай ғылыммен айналысу, шәкірт тәрбиелеу оңай деймісіз. Оңай емес-ау.

Шәкірт демекші, профессор Ө.Қ. Шеденовтің ғылыми басшылығымен 60-қа жуық аспирант пен ізденушілер ғылым кандидаттары мен докторлар дәрежесіне ие болды. Міне, Өтекең тек ғалым ғана емес, бас әріппен жазылатын Үлкен Ұстаз да.

Атқарған қоғамдық жұмыстары да бір төбе. Көп жылдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Оқу-методологиялық Кеңестік және комиссияларының мүшесі ретінде бақылау және экономика пәндері бойынша типтік бағдарламаларға қатысқан. Сондай-ақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жанындағы университет Кеңесінің, Экономика және бизнес факультеті Кеңесінің, «Хабаршы ҚазҰУ» экономика ғылымдары сериясының, «Труд Казахстана» журналдарының редколлегия мүшесі болды. Кезінде ҚР ВАК Эксперттік Кеңес мүшесі (1991-1995 ж. ж.), ал ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы экономика институтының және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғау екі ғылыми кеңестің (30 жылдан астам) мүшесі ретінде белсенділік танытты. Қазақстан Республикасының Журналистер одағы сыйлығының лауреаты (1998 ж.), ҚазССР ҒА Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының Лауреаты (1986 ж.), ҚР-дың білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Ыбырай Алтынсарин» белгісінің иегері, Құрманғазы ауданының Құрметті азаматы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік, Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры. Бұдан да басқа атақтарының өзі Өтекеңнің келбетін айшықтай түседі.

Ө.Қ. Шеденов шамамен 500-ден астам ғылыми жұмыс жариялаған, оның ішінде 70-тен аса монография, оқулықтар және оқу құралдарын жеке және ұжыммен шығарған. Бұл еңбектер экономикалық теория, макроэкономика, микроэкономика, әлеуметтік сфера экономикасы, аймақтық экономика, қызмет көрсету экономикасы, қоғамдық инфрақұрылым экономикасы, экономикалық қауіпсіздікті басқару мәселелеріне арналған.

Түйіндей айтқанда, көрнекті ғалым ағамның мен білетін артықшылықтары осылар. Білмейтінім қанша ма. Десек те, 75 атты ақсақалдықтың тасына асқақ абыроймен келген әріптес ағам зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін.

Ж.О. ТҰМБАЙ,  
э.ғ.к., менеджмент және маркетинг  
кафедрасының доценті,  
ҚР Білім озаты,  
«Ы.Алтынсарин» белгісінің иегері

# ҚАЗАҚТЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ - МӘНГІЛІК ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНА

**Тарих, археология және этнология факультетінің 1 курс магистранттары мен ұстаздары (жетекшілері т.ғ.д., профессор Бибизия Қалшабаева мен т.ғ.к., доцент Тәттігүл Қартаева) ұйымдастыруымен "Ұлттық музыка өнерінің этнографиялық сипаты" тақырыбында танымдық кеш өтті. Шараға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің оқытушылары – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, белгілі әнші Еркін Шүкіманов және ҚР Мәдениет қайраткері, күйші Мұрат Әбуғазы қонақ ретінде шақырылды.**



Кездесудің беташарын археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор Аманжол Қалыш ашты. Ол қазақ халқының ұлттық музыка өнерінің этнографиямен байланысын анықтап, бай рухани мәдениетіміздің өлшеусіз құнды мұраларын ұлықтау баршаға міндет екендігін жеткізді. Кеш қонағы Еркін Шүкіманов қазақ әндеріндегі ұлттық дүниетанымның өзгеше бояуын нақты мысалмен айшықтап берді: «Мәселен, бір ғана "Аңшының әнінде" халқымыздың бегзат болмысын паш ететін көптеген құндылық жасырынған, онда сері өнер саятшылықтың сипаты мен серілік құрған жастардың махаббаты, сезімі сыпайы түрде бейнеленген. Мысалға, "Перуайым" әнінің көптеген тыңдаушылар қабылдаған "первыйым"(алғашқым) мағынасында емес, іздестіре жүріп, "қамқоршым" деген мағынаны меңзейтінін білдім». Сондай-ақ әнші ұстаз сөз кезегінде көптеген ән мәтіндеріндегі байырғы сөздердің мәні, этимологиясы, онда қамтылған дәстүрлік ұстанымдар мен бүгінгі буын дұрыс түсініп қабылдай алмай жатқан тұстарын да ашып көрсетті. Жастарды мән-мазмұны, мәтіні, әуендік құрылымы өзгерген бүгінгі эстрада немесе шетелдік әндерді емес, төл әндерімізді тыңдап, түсініп, зерделеп өсуге шақырды. Расында, қазақ әнінің қадір-қасиетін өзімізбен қатар шетелдік зерттеушілер де жоғары бағалаған. Академик Рэдлов: "Өз әндерінде қазақтар ертегіде айтылатын қайдағы бір ғайыптан пайда болатын қорқынышты дүниені дәріптемейді. Қайта ол өз өмірін, өз сезімдері мен мұраттарын, қоғамның әрбір жеке мүшесі жүрегінде жүрген идеяларды әнге қосады. Тыңдаушылары жаратылыстан тысқары қайдағы бір кереметтерден емес, нақты шындықтан

ләззат алады", – деп пайымдайды. Ал Алектров "Қазақ әні" атты мақаласында ән тыңдаған сәтін әсерлене жазады: "... Әнші тері тулақтың үстінде жайғасып, домбыраның ішегін қаға бастады.... Мына сияқты қарапайым әнге, қарапайым музыкаға қаншама поэзия сиып жатыр. Қолдан істеген екі ішекті домбырада мұндай әсем дыбыстар шығады дегенге мен ешуақытта сенбеген болар едім. Егер де мына қарапайым жаныңа тиетін әнді өз құлағыммен есітпеген болсам, мен оның ызындаған жаратылыс үнімен ұласатын күшіне де сенбес едім", – дейді.

Кездесудің маңызын арттырған тағы бір қонақ күйші, ұстаз Мұрат Әбуғазы халық аспаптарының тарихы мен таралуын, күйшілік мектептердің ерекшеліктерін, күй аңыздарының тарихи сипатын баян етті.

Ақын Илияс мәртебесін асырған күй өнерінің қадір-қасиеті мен ұлттық бояуын бойға сіңіріп өскен ұрпақтың танымы терең, тағылымы бай болады. Өзі шерткен күйлердің шығуын аңызы бойынша баяндап берген Мұрат Әбуғазы халық әндері мен күйлерінің бүгінгі эстрадалық өңдеуге салынғанын құптамайтынын жеткізді. «Қазақта эстрадаға түспейтін, түссе түпнұсқалық бояуын жоятын ән-күйлер көп, бұл ұлттық классикалық өнерге деген қиянат», – деді ол. Сондай-ақ жастарды қазақ күйін тыңдап, арғы мәніне бойлап, бойға дарытып өсуге шақырды. Кеш қонақтары асқақтата ән салып, күмбірлете күй тартып қатысушыларға рухани шабыт сыйлады.

Танымдық шараға қатысқан студенттер көп ой түйіп, қазақ музыкалық өнерінің бай қазынасынан мазмұнды мағлұмат алып байып тарасты.

**Мархабат МЫРЗАХАНОВА,**  
тарих, археология және этнология  
факультетінің 1 курс магистранты

**Жуырда шығыстану факультеті арабтану және ирантану кафедрасында «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасының аясында 1-3 курс арасында Абай өлеңдерін араб және қазақ тілдерінде жатқа айту сайысы өтті. Әділ-қазылар құрамында араб елінен келген доктор, профессор Әбдул-Азиз, ф.ғ.д., профессор Ө.К. Күмісбаев, кафедра меңгерушісі ф.ғ.к., доцент А.К. Ахметбекова болды.**

## Абай өлеңдерін арабша сөйлетті

Сайыстың ашылуы барысында профессор Әбдул-Азиз мырза Абай өлеңдерінің мазмұндылығын, шешендік сөзге байлығын, қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыз екенін атап өтті.

Арабтану және ирантану кафедрасы меңгерушісінің орынбасары А.Б. Жиекбаева, аға эдвайзер, доцент Ф.Т. Жұмажанова, аға оқытушы, Phd Қ.А. Қыдырбаевтың ұйымдастыруымен өткен сайыс қызу, тартысты болды. Абай өлеңдерін қазақша-арабша нұсқасында айту кезінде студенттер бір-бірінен асып тұрды. Әділ-қазылар тарабы да жастарды қамшылай түсті.

Әділ қазылар сайыстан іріктеліп шыққан 10 үздік қатысушының ішінен үздік үштікті қортындылағанда, 3-орын Нұрсұлтан Шайхқа «Күз» өлеңі үшін, 2-орын 2 курс студенті Насиба Кусаиноваға «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі үшін, 1-орын 3 курс студенті Таңшолпан Сатаеваға «Көлеңке басын ұзартып» өлеңі үшін берілді. Әділ-қазылар алқасы жеңімпаздардың талабын байқап, шабытына шабыт қосу үшін сыйлық ретінде Абай кітаптарын тарту етіп, жеңімпаздарды мақтау қағаздарымен марапатталды.

Сондай-ақ бұл іс-шараны «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасындағы басқа да ақын-жазушылардың шығармаларымен толықтырып, факультет, университет дәрежесінде ауқымды түрде өткізіп, жыл сайын дәстүрге айналдыру керектігі айтылды. Біздер, жастар, «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», - демекші, біліммен сусындап, қазақ елі қандай екенін әлемге танытуымыз керек. Абай өлеңдерін көпшілігіміз қазақша жатқа айтып жүргенімізбен, араб тілінде бірінші рет жатқа айттық. Дұрыс айтуымызға көмектескен, қатемізді түзеткен, бізге тілді үйретуде еңбектеніп жүрген ұстаздарымызға алғысымыз шексіз.

**Нұрсұлтан ШЕЙХ,**

арабтану және ирантану кафедрасының 1 курс студенті.

## МӘДЕНИ АХУАЛҒА ЗЕР САЛУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

**Бұл күнде еліміздің әр саласында қолданысқа ие болып жүрген мәдениет ұғымы бар. Журналистика саласындағы тілшілер, саяси тұлғалар, зиялы қауым өкілдері мен халқымыздың бетке ұстар құрметті азаматтары, өнер жұлдыздары осы терминді теледидардағы бағдарламалар мен токшоуларда жиі тілге тиек етеді. Әсіресе ұлттық құндылықтар, салт-дәстүр, ұлттық мүдде, ұлт болашағы деген тақырыптарға келгенде қолданады. Алайда мәдениет ұғымының аясы кең. Таратып айтайық, жастар «мәдениет» ұғымын осы күнде көбіне ұлттық дәстүр, ұлттық сана, қазақ киіз үйі мен ою-өрнегі деп түсініп жүр. Жастарымыздың айтылып жүрген ой-пікірлердің негізінде мәдениетті тар мағынасында ұғынатынын топшылауға болады.**

Ғылым әлеміндегі мәдениетке тоқталсақ, ол – табиғатта бар затты адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер жиынтығы. Мысалы: тас, ағаш, темір, су, топырақ, өсімдік және т.б. заттар табиғаттың шикі өнімі, осы табиғи заттардан адамзат баласын әр түрлі салада қолданып, өз керегіне сай заттар (үй, ғимарат, машина, техника, тұтынатын өнімдер) жасап алуын осының дәлелі ретінде келтіруімізге болады. Сонымен қатар адам ақыл-ойы мен шығармашылықтары арқылы жасалынған өнер туындылары мен шығармаларды жатқызуымызға болады. Мәдениеттану ғылымы пайда болу тарихына көз жүгіртсек, XVIII ғасыр соңы XIX ғасырдың басында Батыс Еуропада пайда болған ғылым саласы. Негізі ғылымға америкалық антрополог Лесли Уайт ұсынған болатын. Алғашқыда, әлеуметтік ғылымдар жүйесінде пайда болып дамыды. Уайт ұсынған бұл термин осы күнде гуманитарлық ғылым саласының бір кешенді пәні деңгейіне жетіп үлгерді. Сонымен қатар ғылыми пән ретінде оқытылып та жүрген жағдайы бар. Әр елде әр түрлі оқытылғанымен, илегені бір терінің пұшағы. Айтар болсақ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеттерінде «мәдениеттану»

мамандығының үш дәрежесі (бакалавр, магистр, PhD) бойынша мәдениеттанушы мамандар даярлайтын. ҚазҰУ профессоры Зухра Исмагамбетова: – университетімізде «Мәдениеттану» мамандығын оқып бітірген түлектер еліміздің мәдени дамуына өз үлестерін қосып отыр. Десе де мәдениет саласын дұрыс түсінбейтін басқа сала мамандары баршылық. Сондықтан әр маман өз саласы бойынша жұмыс жасауы тиіс деп есептеймін. Тағы айта кететін нәрсе, «мәдениеттану» мамандарының санымен қоса сапасын арттыруымыз қажет деп есептеймін, – дейді. Қорыта айтқанда, мәдениеттанушы ғалымдар еліміздегі мәдениеттану бойынша елімізде мамандар аз деп дабыл қағуда. Мәдениетті әр сала мамандарының зерттеуші-ғалымдары жазып жүргені белгілі. Жастардың мәдени түсінігін қалыптастыру үшін мәдениеттанушы мамандардың көмегі үлкен. Мәдениет қазақ елінің мүддесі үшін қызмет етсін десек, мәдени ахуалға зер салуымыз қажет. ҚазҰУ профессоры Т.Х. Ғабитовтің «мәдениет адамды, адам мәдениетті қалыптастырушы» деп айтқанындай, оны елде тұратын болашақ азаматтар мен азаматшаларды қалыптастырушы фактор деуімізге болады.

**Шоқан ЖҮСПЕКОВ,**

«Мәдениеттану» мамандығының 4 курс студенті

**27 февраля в память о казахской поэтессе Ф. Онгарсыновой состоится лирический вечер «Өлең, мән сені вялап өтмін!»**



## ЕМІК МҮДДЕ МЕН ЕРЛІК РУХТЫ ЖЫРЛАҒАН АҚЫН (ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ПОЭЗИЯСЫ ТУРАЛЫ)

**Ауыз әдебиетінің рухани қайнарынан, өзіне дейінгі сөз өнері иелерінің ақындық мектебінен нәр алып, бойға сіңіріп өскен Қасым Аманжолов шығармашылық ғұмырнамаcының он бойында осы үрдістен, алдына қойған ұлы мақсаттан айныған жоқ. Үлкен ізденістерінің арқасында өлеңге өзгеше өрнек, әлі ешкім шырламаған соны сұрлеу тапқан Қасымға Абай, Мағжан, Сұтталмақсұт, Лияс, Бернияздың және т.б. шығармашылық мұрасын толық меңгеріп, оны әрі қарай жетілдіру мүмкіндігі болғанын және оны ақынның бар ынтасымен, шын ықыласымен атқарғанын аңғармау мүмкін емес.**

Ақын шығармашылығының бастапқы кезеңінде-ақ өршіл пафосқа құрылған, өзіндік «менін» байқатар өлеңдер тудыра алды. Ақынның қайшылыққа толы дәуіріндегі шығармашылық жолының қалыптасуында, үйрену, іздену мектебінен өтуінде өзі туған, тұрған, оқыған, қызмет істеген Қарқаралы, Семей, Орал, Ленинград, Алматы қалаларының, ондағы зиялы ортаның әсер-ықпалы мол болды. Мәселен, Семей қаласында оқыған шағында Ахметжан ағасының үйіне жиі келетін Мұхтар Әуезов, Әміре Қашаубаев, т.б. алаш оқығандарымен біліс-таныс, пікірлес болуы ақын дүниетанымының, қоғамға деген көзқарастарының қалыптасуына, орнығуына септігі

тимеді деу қиын. Өнер, өлең туралы да айтылатын бұл жиындардың Қасымның азаматтық қадамында өз соқпағын табуына, шығармашылық, идеялық тұрғыда жетілуіне әсері мол болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауға қаруымен ғана емес, қаламымен де майдан ашқан ақындардың қатарынан Қасым шығармашылығы да өршілдік сипатымен, асқақ романтикалық рухымен, ерлікті, қаһармандықты жырлаған өктем үнімен өзіндік орын алары даусыз. Сұм соғыс ақынның өзін ғана ерте есейткен жоқ, сонымен бірге шығармашылық өресін биіктетті, шеберлігін шыңдап, көркемдігін кемелдендірді. Сыр мен сезім тоғысқан, елдік мүдде мен ерлік

рух астасқан майдан жырлары ақын шығармашылығының өзіндік ерекшелігін айқындап, өлеңдерінің соны стиль, айшықты өрнек сіңірген бет алысынан хабардар етті. Қасым өлеңдері ұлттық поэзияда құбылыс ретінде қабылданып, оқырманын зор қуанышқа бөлеп, өлеңге деген өзгеше іңкәрлыққа сусындатты. Олардың қатарында «Үстімде сұр шинелім», «Мартбек», «Жеңіс даусы», «Дариға, сол қыз», «Ақын өлімі туралы аңыз», т.б. өлең-поэмалары бар. Бұл өлеңдерде тек соғыс суреті, майдан даласы ғана емес, ерлік те, жеңіс те, махаббат та, адам өмірінің сан алуан сәті де әдемі өрнектеліп, тұтас дәуір шындығы шынайы қамтылған. Ал, алдымен, «Абдолла» аталып, кейінірек «Ақын өлімі туралы аңыз» болып өзгертілген шоқтығы биік туындының бағасын беріп, бағын ашқан суреткер-жазушы Ғабит Мүсірепов екенін көзі қарақты оқырманның білмеуі мүмкін емес. Бүкіл қазақ даласынан, баласынан «Бұл – майданнан естілген жаңа леп, қазақ поэзиясында бұрын-соңды айтылмаған ақындық сезім», - деп сүйінші сұрап, қазақ поэзиясына өзгеше үн, соны леп әкелген ақын қосылғанын шаттана жазады.

Күллі әлемнің ашу-кегі,  
Орна менің кеудеме кеп!  
Жау жолына атам сені,  
Бомба болып жарыл жүрек! –  
деп жырлаған Қ. Аманжолов қазақ әдебиетінде соғыс шындығы мен қасіретін, адам өмірі мен өлімінің мәнін өршіл оптимизммен, асқақ романтизммен өрнектеген өзгеше өлең тудырды, ұлттық поэзияға ерекше сипат дарытып, көркемдік көкжиегін кеңейтті.

Соғыстан үлкен ақын болып оралған Қасым бейбіт өмірді, нұрлы дүниені

жырлады. Ұлтын шын жүректен сүйген ақын қаламынан өмірдің алу құбылыстары сыр болып ақтарылып, жыр болып төгілді. Дегенмен, Қасым өмір сүрген дәуір қиын-қыстауы, қайшылығы мол кезең болатын. Ұлтжандылықты «ұлтшылдық» болып бағаланып жататын ол шақтағы Қасымдағы ой еркіндігі, ұлтының сан қырлы сипатын даралап көрсеткен ақындық пейілі кей сәттерде өзіне соққы болып тиіп жатты. Өмірдің дауылы мен жауынына қаймықпай қарсы тұра білген дауылпаз ақын мойымай, қайта жігерлі түрде:

Кең далалы, кең пейілді қазақпыз,  
Құл емеспіз, еркін жанбыз, азатпыз. -  
деген жырлау арқылы өз ойын ашық білдіріп, ұлт азаттығын, тәуелсіздігін аңсады.

Дауылпаз ақын қаламынан «Өзім туралы», «Туған жер», «Сыйса егер өмір сыры бір жаныңа», «Нұрлы дүние», «Сарыарқа», «Қазақстан», «Советтік менің – өз елім», т.б. секілді қазақ өлеңінің формаларын жетілдірген, ұлттық рух сепкен, зор жаңалық әкелген өлеңдері дүниеге келді.

Ұлтының салты мен дәстүрін, топырағы мен тасын, даласы мен баласын елжіре сүйгені былай тұрсын, оны өзіне тән машықпен, өзгеше өрнекпен жырға қосып сыршыл өлеңдері мен поэмалары арқылы рухани қазынамызды жаңа тұрпатты биікке көтерген Қасым Аманжолов өлеңді аялайтын бүгінгі ұрпақ үшін де, поэзияны «өлтірмейтін» келер буын үшін де керек.

**Шоқан ШОРТАНБАЕВ,**  
филология, әдебиеттану және  
әлем тілдері факультетінің аға  
оқытушысы

## ЕСЕЙТКЕН ЕКІ ҒҰМЫР, ЕСІЛ ЖЫР

“Екі кемеңіз басын ұстаған суға кетеді”, - дейтін еді біздің халық. Алайда екі кемеңіз де ыңғайын тауып, бағытын дұрыс көрсете білер жанға не айтарымыз бар? Қасым ақынның тағдыры екі кемеде де түйісті. Оның біреуі-қанды майдан болса, екіншісі - жырдың майданы болатын. Біреулері шыға алмай жұтылып, келесілері қиындықты мойынсынбай құтылып кететіні мәлім. Бір ақын бар, өз өмірімен танылады, енді біреуі өз көңілімен дегендей...

Ал Қасым ақын жайында айтар ойым Қасымның “арда тұтар” қазағы үшін бағалы болуға тиісті. Себебі Қасым қай тұста да қазаққа деген ыстық сүйіспеншілігін білдіре алды.

Ақынның әр өлең шумақтарында жерге, елге деген махаббаты сезілмей қалған тұстары болмаған. Махамбет, Абайдың жолын жалғаған ақын, өзінен кейінгілерге Қасым жырын үлгі етіп қалдыра білді. Бір бойында азаматтық пен адамгершілік қатар тоғысқан ақынның ел алдындағы абыройы қашанда асқақ болмақ. Ақын “Арнау” атты өлеңінде ақын адамзаттық борыш пен азаматтық борышты қатар алып, өзінің Отан, ел алдындағы ауыр міндетін терең сезінгенін байқатады. Жүрген жерін ән мен жырға бөлеген ақын қаламынан қайратын да, өмірге шексіз құштарлығын да, табығатқа риясыз ғашықтығын да қатар көрсете алған. “Жас тұлпар бола тұра өрге шаппауды, жас қыран бола тұра қанат қақпауды, жас жігіт бола тұра жалынды жігерін тұншықтырып, маздатып өмір отын жақлай қалуды” өзіне ар санаған ақынның осы бір сөздері аз ғана ғұмырының ұстанымы болған секілді.

Сырбай Мәуленов ақын жайлы естеліктерінің бірінде былай жазған екен: «...Ол арманшыл жан еді. Қайтыс

боларынан жиырма күндей бұрын бір кіріп шыққанымда Қасым:

-Енді менің дәмімнің таусылатын уақыты жақындап қалған сияқты. Қанша өлмеймін деп құлшынсам да ауру шіркін күннен-күнге жанға батып, меңдетіп барады. Өлім үшін өкінбеймін. Өйткені екіншісі бірі өледі ғой. Бірақ кеудемде орындалмаған ойым, жүзеге аспаған қиялдарым бірге кетіп бара жатқанына өкінемін. Үш нәрсені армандап бұл дүниеден мәңгілік аттанып бара жатырмын. Оның біріншісі – Абайдан асамын ба деп едім, аса алмай бара жатырмын. Екіншісі – қазақтың «Евгений Онегинін» жазамын ба деп едім, оған да ажал шіркін жеткізбейтін түрі бар... Үшіншісі – көшеге шыққанын бүкіл Париж аңдып тұратын Виктор Гюгоның құрметтелгеніндей қошеметке бөленсем бе деп едім, бұл да арман болып қара жерге менімен бірге көмілетін болды, - деді. Әрине, “армансыз адам-қанатсыз құспен тең”, - дейді емес пе дана халқымыз. Ғұмыры ұзағырақ болғанда, Қасымның да қалдырар мұрасы бүгінгіден де көп болар ма еді... Ақын бүгінде күллі қазақты жалынды жырымен жылытып отыр. Кезінде бұйырмаған Астана да, баспана да, бүгінде, Қасым жырларымен маздап, Қасым бейнесін қазағына қасқайта танытып тұр. Қорытынды ойым ақынның өз сөзімен, қай заманда да: “Асылзат таптасаң да жерде қалмас”... Ұғыну – Қасым оқырманының борышына...

**Т. СЕНБАЙ,**  
филология, әдебиеттану  
және әлем тілдері факультетінің  
3 курс студенті

## ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ АТАМЕКЕН

Сүйем сені туған ел - атамекен,  
Абзал анам сенсің ғой құшағың кең.  
Жер мен көктің жаннаты бір өзіңсің,  
Сенен артық не табам, қайда кетем  
Іздеймін деп “Жерұйық”, желдей  
желген  
Асанқайғы емеспін, Қасыммын мен.  
Қорқыт та емен елсізде, көр басында  
Қобызымен сырласып күңіренген.  
Ерке жанмын, өмірде өстім еркін,  
“Еркелеме, ей, жігіт, еспе” дер кім?!  
Өз елімде өзендей гүрілдеймін,  
Тасып, шалқып өтемін - осы сертім

Алматы ауасындай мінезің бар...  
Алматы ауасындай мінезің бар  
Жауасың бір кез жаңбыр, бір кезде  
қар.  
Балқытып аласың да ыстығыңмен,  
Артынан тоңдырасың төгіп ызғар.  
Соққан соң екі жақтап ыстық-суық,  
Барады ақырындап бойым суып.  
Айнымай тамылжитын жазым қайда,  
Япырай, күз бенен қыс қалды-ау  
жуық!

## ҚАЗАҚСТАН

Елу жаста елім бар, деп айта алмай,  
Кетпес естен күйінгенің, мұңлы Абай.  
Елім бар деп айтатын бір туды күн,  
Елім бар деп шырқатайын мен бүгін,  
Қойсын енді Қорқыт күйін сарнамай.  
Атам Абай, арманыңа, бер тыным  
Сен таппасаң, біздер таптық жер  
тыңын.  
“Гүлжазира”, - “Жерұйықтан” кем бе  
екен,  
Мынау дала, біздер өскен кең мекен -  
Қызыл тулы ел Қазақстан дейтұғын!

## НАР ТӘУЕКЕЛ

Нар тәуекел! Құлаш ұрдым қиынға,  
Қайрат шіркін алып шықса, қиын ба!  
Бұл сапарда сүрініп те қалармын,  
Сонда, досым мені айыпқа бұйырма!

## ЕЛГЕ ХАТ

“Менің бір бар еді ерке тентек ұлым,  
Өлі ме тірі ме екен сол құлыным”  
Дейтіндей болдың ғой сен, ту  
Жоғалдым зым-зия бол

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

Қытайтану кафедрасында жас ғалымдардың халықаралық семинары өтті

**Ерназар Нариман Мамайұлы**

1993 жылы 26 қазанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Аранды ауылында дүниеге келген. Аранды ауылындағы №97 орта мектепті 2011 жылы аяқтаған. Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география және табиғатты пайдалану факультетінің 3 курсына туризм мамандығы бойынша білім алып жатыр.



*АУЫЛАМ - АРАЖЫМ!*

Арандылық ағайын, армысыңдар, Бармысыңдар, қария, қарлы шыңдар. Далаңның дәм-тұзын татып өскен, Балаңмын періштедей алғысымды ал.

Лапылдатып жанымның өр талабын, Оттан ыстық сендердің орталарың. Арандымды жырыма желкен қылап Бәрі де сендердің арқаларың.

Арандым-ау ортаңа кеп гүлдедім Асыр салып ойнағым кеп түр менің Самғай қалып сағыныштан бір өзіңе, Қандай бақыт қойнауыңда жүргенім.

Күндер, айлар, жылдар өтті арада Зымырап өткен уақыттарға қарама, Алаңдай бер, алыста жүрген балаңа, Балаңдай көр, қырандай мені бағала

Өтпей қойды-ау күндерім бір апталық Балаң отыр сағыныштан күй ақтарып, Алматыда төселіп ақ қар жатыр Арандымның ақ пейілі сияқтанып.

Тарамдалып барады төзім деген Бөленіп кете берем сезімге мен Алақандай Арандым өзінді ойлап Кезім көп ұзақ таңға көз ілмеген.

Ерекше бақытты ғой балаң бүгін, Сағынышым бұлқынған боранды күн, Қасиетті болмаса сағынар ма ем, Ауасы мен топырағы Арандының!

Қолыма ұстайын қаламды нық, Жырларымда байқалсын жарамдылық. Атыңды алашқа танытып жүр, Алматыдай қалада балаң жүріп, Ұшам деген балапанға қанат берген Иманды, ағайын - жұрт Арандылық.

*ҚАЙСАР ҚАЗАҚ*

Қасиетті, ғажайып, қайсар қазақ, Отымызды өшіреміз, тайсалмасақ. Бірақ момын, аңқау боп барасың, Намысыңа нақыштап ой салмасақ.

Астарыңда таймайтұғын тағың барда, Бастарыңда батпандай бағың барда, Тарихтан ойып тұрып орын алшы, Кеудеңде өшпейтұғын жалын барда.

Не қылсаң да жасағайсың байыппенен, Бар мақтауды қазағыма лайық көрем. Бабалардай қазақ деген ұлтым үшін, Қатаймаған қанатымды жайып келем.

Қазақ десе, төгіледі тілек деген, Жылытқан жаурағанды жүрекпенен. Эрдайым бостандығын, еркіндігін, Қазағымның амандығын тілеп келем.

Қайсар қазақ ашыла ма сырың сенің, Құламадың, болмаса сүрінгенің. Сөздерім сүйектен өтпесе де, Толғандырсын әр қазақты жырым менің.

Сырың мен ашайыншы базарыңды, Жырыммен кіргізейін ажарыңды. Жыршы да, күйші де бәрі шыққан, Қазағым танытқайсың қазағыңды.

Талайларды күлдірдім, ойландырдым, Дәм-тұзын кетірмей-ақ қайран жырдың. Жатарда қазағыма өмір тілеп, Аллаға алақанды жайған құлмын.

*АНА*

«Ана» деп бастайын сөз басында, Анашым мәңгі жүрші өз қасымда. Саған ғана байланысты азбасым да, Азбасым да мәңгілік тозбасым да.

Аналар, ардақтысың әрдайым да, Бақыттымын қолың тисе маңдайыма, Қаным жүрді, бойыма жаным кірді Ақ сүтің тамған кезде маңдайыма.

Ана деген – ең қымбат жан саналады, Аналармен бұл өмір жаңарады. Абай менен Жамбылды туған ана, Аялайық мәңгілік аналарды.

Бұл өмірде ең қымбатты асыл анам, Анадан асқан табылар ма асыл адам?! Әйелдер әлемді тербеткені-ай, Берілсе екен Жамбылдың жасы оған.

*М. ШАХАНОВҚА АРЖАУ*

Жүрегіне ақынның үңілді кім, Бұған дейін жүйрігің сүрінді мың, Ес білгелі намысты Шахановтан Естігенім: Отаным, тілім, ділім.

Аласармай биіктен тұғырлы ұлың, Ұлт намысы болмасын ырың-жырың Баласыңдай қорғайтын қазақ елін, Махамбеті шығарсыз бүгінгінің.

Өкпеледің өзгеге, өкпелесең, Шырылдадың тілім деп, төкпелесең Махамбеттей ақын да, батыр да өзің, Қасыңда Исатайы жоқ демесең.

Қазаққа қазақ тілін жылап үйрет, Одан сіз қалған жоқсыз сірә, күйреп Ағайын, алтыныңның қадірін біл, Ортамызда жүргенде тірі әдебиет.

*КӨЖЕЛ ӨМІРІ*

Арманым көкке ұшты көгімдегі, Ұсынды екен білмедім өмір нені Бетіңнің сұлулығы көрінгенмен, Жүрегіңнің жылулығы көрінбеді.

Жойылды-ау саған деген үміттерім, Күйреуге шақ қалды күдіктерім. Жайқалып жасыл дүние жайнағанда, Шайқалып кетпесе екен тұнық көлім.

Жер дөңгелек жолығармыз бір күндері, Салмақтанып барады жырдың легі Мені тез ұмыта салатындай Аяқ асты сен өзі білдің нені.

Құмшекердей еріген таңдайдағы, Татылмады махаббаттың балдай дәмі. Махаббаттың мәңгілік шайқалғаны, Тағдырымының жазуы маңдайдағы.

■ МЕРЕЙТОЙ

*Аманқос Мектеп-тегіне арнау*

• Орнында тұрмас ғұмыр қалыбы,  
• Бойыңды оттай ілім қарыды.  
• Жарқамыс дейтін ауылда тудың,  
• Сағидай ақын тудырған ұлы.

• Астың ба асу өмірдің белін,  
• Нәсердей құйып төгілдің бе, ерім.  
• Көгілдір үйрек көктемде жүзген,  
• Аман ба бүгін көгілдір Жемің.

• Аға деп тұтқан арулар да бар.  
• Еліңе лебіз әнің арналар.  
• Көзінде тұнған мөлдірлік бәлкім,  
• Сол Жемнен сый боп дарыған болар.

• Сағаты тосар көп ерліктердің,  
• Сізге арнар сыйым өлең қып менің.  
• Далаға тек тән дархандық пенен  
• Суға тән сізден тереңдік көрдім.

• Киесін ұлы таныдың жердің,  
• Шәкіртке ұстаз тәлімін бердің.  
• Мектептің ұлы Аманқос болып,  
• Тарих бетінде қалып үлгердің.

• Күдікті жойып көңілге қойған,  
• Қалушы ең елге көбінде қайран.  
• Өзендей шалқып шаттанасыз-ау,  
• Өлеңім үшін өрілген ойдан.

• Өмір – өзен ғой білемін, аға,  
• Соғады тайдай жүрегің, аға.  
• Бүгінгі жеткен алпыс жасыңда,  
• Деніңе саулық тілегім, аға.

Бақытын жансыз елден іздеген,  
Тулайды Жем боп кеудеңізде өлең.  
Тек аман-есен жүре беріңіз,  
Ақ жаулық таққан жеңгемізбенен.

Қайтар шамасын күздің білгендей,  
Ойланып қапсыз құзғынды көлдей.  
Көгілдір Жемнің ағысы сынды,  
Таси бер қартқа тізгінді бермей

**Оралбек ЫСҚАҚ,**  
ҚазҰУ-дың 3 курс студенті

*Неге қазіргі жастар өмірге өкпелі?*

«Мен шаршадым..... барлығы жыныма тиіп кетті...өміріме не болып кеткенін білмеймін...» міне менің соңғы кезде жастардан, өз достарымнан, көшеде болсын, қағамдық көліктерде болсын естігенім осы. Өмір енді өз есігін ашты емес пе? Сонда қазіргі жастардың жігерсіз, сенімсіз болғандары ма? Қайда, қайран қазағымның жастары, қайда болашақтың тіректері? Қазір оларды іздейміз, табамыз, болмай жатса қолдан жасаймыз. Маған анам «өмір деген – күрес, бірақ өмірмен, яки өзгемен емес өзіңмен болатын күрес» деген. Ал күрестің шарттарымен танысайық.

Алдымен «Мен бәрінен шаршадым, ешкім танымайтын, ешкім білмейтін жаққа кеткім келеді» деушілерге қарата: «Ортаң өзгерер, мүмкін адамдар, жұмысың, сен өзгертуді қалағанның бәрі, БІРАҚ сен өзгермесең алдыңғы орнында не болды, сол қайталанады. Сен қайтадан жаңа орын, жаңа адамдар іздейсің. Ескі қатені қайта істейсің. Қазіргі сәтпен өмір сүр. Ләззаттан, ұстап қал, осы ғажап сәттерді, пайдалана біл, бағынды. Тап қазір көзіңді жұм да, ішіңнен қайтала: «бұл менің соңғы күнім, мен ертең жоқпын. Не істей алмадым, мына ғажап өмірде, не көре алмадым? Маған қаншама жақсылық жасаған ата-анама алғыс айттым ба? Олар мені мына өмірге алып келгендеріне өкінбеді ме, менімен мақтана алды ма? Маған көп көмек берген досыма алғысымды айта алдым ба? Мен ертең жоқпын ғой, бүгін барлығын істеп үлгеруім керек», - деп өзіңнің жігеріңді қайра дегім келеді. Ал өзің шештің, өзге жаққа кетем деп, бірақ өткен жақтағы мәселелердің барлығын жауып, шешімдерін шешіп, айтатыныңды айтып, істейтініңді істеп кет!

Ал енді «жаңа өмір бастаймын, барлығын жаңа беттен ашамын» деушілерге: «Ескі бетті толық тексеріп, қателердің барлығын түзетпей, ескі бетті жаппа, кім кепіл жаңа бетінде сол қателеріңді қайталамауыңа. Жаңа бетті ашамын деме, «мен жалғастырамын осы бетті, өзгертсем тек жазу үлгім өзгереді» деп айт. Және ешқашан ұмытпа бұл өмір сенікі болса, сен де осы өмірдікісің, яғни диалектикалық материализм тұрғыдан ол үшін де, сен үшін де бірге қимылдау, бір бағыта, алға әрекеттену маңызды», - деген кеңес айтқым келеді. «Барлығы өтірік сияқты, бәрі бір-біріне өтірік күледі, өмірім тек маска киген әртістерден тұрады» деп әлемге айып тағушыларға: «Өздеріңді сабырлы ұстандар. Бұлар тып-тыныш тұрған өмірлеріңе басқа қиындық таппай, ойдан шығарған кезекті проблемаларың. Көзіңді тағы жұм онда. Өмірде жаман адам, жаман іс, жаман жағдай болмайды. Әрбір істің, әр адамның өзінің оң тұстары бар. Жо-жоқ, тек жақсы тұстары бар. Тіптен мүлде жаман адамда да 99 пайыз жамандық болса, 1 пайызы міндетті түрде жақсылық дейді. Ал сен тура сол жақсылықты ізде. Негізі адам мен өмір айна секілді. Егер сен өмірден кем тұстарын іздесең, ол көрсетеді, ал керісінше ғажапты күтсең, яғни сен нені көргің келсе, соны көресің. Бұл өмір заңдылығы деп қабылда. Аксиома дәлелдеуді талап етпейтін деп есепте», - дегім келеді.

Өмірде көпті көрген, айтары бар, көргені мол менен сендерге айтарым: **Бұл өмір тек оны сүріп жатқан адамдікі. Ол қалай, кіммен, не істейтінін тек өзі шешеді. Өзі қателеседі, өзі түзеді. Тек бір нәрсені ұмытпау керек. Сол өмірді саған сеніп сыйға тартқан АЛЛАҒ мен АТА-АНАҒЫ ұмытпа!**

**Дана СЕЙДРАМАНОВА,**  
баста ісі және дизайн кафедрасының 1 курс студенті  
**Бәтш ОМАРОВА,**  
жетекшісі, баста ісі және дизайн кафедрасының оқытушысы

## СТУДЕНТТЕРІМІЗ АЛҒА ШЫҚТЫ

Жуырда Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының ұйымдастырумен қалалық «ҰЛТТЫҚ ДЕЛЬФИЙЛІК ОЙЫНДАРЫ» жастар мен жасөспірімдердің шығармашылық байқауы өтті.

Байқауға Алматы қаласының ең беделді жоғарғы оқу орындары қатысты. Соның ішінен біздің университетіміздің студенттері алға шықты. Өз өнерлерімен әділ-қазылардың оң бағасына және көрермендердің қошеметіне бөленген университетіміздің 1 курс студенттері болды. Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің студенті Ақбота Садық, биология және биотехнология факультетінің студенті Абай Шүйіншәлі, механика және математика факультетінің студенті Нұргүл Құттықия эстрада жанрында бақ сынасты. Ұлттық аспап жанры бойынша механика-математика факультетінің 1 курс студенті Шәмшінұр Мекесов, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 2 курс студенті Нұртас Шерияздан қатысты. Студенттеріміздің барлығы ең алдыңғы орыннан көрініп, «Эстрадалық ән» және «Ұлттық аспапта ойнау шебері» бойынша механика-математика факультетінің студенттері Нұргүл Құттықия және Шәмшінұр Мекесов бас жүлдені иеленді.

Студенттерімізді шын жүректен құттықтап, біліммен қатар өнер жолында биіктерден көрінулеріне тілектеспіз!

**Арайлым ШАЯХМЕТОВА,**  
Студенттер клубы  
эстрада және вокал үйірмесінің жетекшісі

№18-жатақханада көктемнің алғашқы гүлі бәйшешек (наурызгүл) қауыз жарды. Бәйшешек - құртқашаштар тұқымдасына жататын көп жылдық тамыр түйнекті өсімдік. Еуразияда, Жерорта теңізінің жағалауларында өсетін 80-ге жуық түрі белгілі.



## БӘЙШЕШЕК ЖАРДЫ ҚАУЫЗЫН СҰЛУ СЕЗІМДЕЙ...

Гүл тұқымын жатақхана меңгерушісі М.Ниетбаева және жатақхана қызметкерлері студенттермен бірге қыркүйек айында бөлмеге отырғызған екен. Күні кеше ғана, көктемнің жаршысы саналатын бәйшешек (наурызгүл) гүлі ақланның соңғы аптасында қауызын жарып, әдемі гүлдерімен таң қалдырды. Шоқталып, айналасына шуақ шашып жайнап өскен, әсем гүлдің әдемілігінде сөз жоқ. Таңданып, тамсанып жатқандар оны ҚазҰУ-дың 80 жылдығына қалашықта алғаш гүл ашқан табиғаттың таңғажайып тартуы деп баға берді.

Жақсылыққа балап жатқан жандардың бірі, жатақхана қызметкері К. Қасымбекова: «Гүл өсіру адамға әдемі әсер сыйлайды. Жабыққан, көңілін құлазыған шақтың өзінде бөлменде гүлің болса, сенің бойыңдағы бар нашар энергияны өзіне жұтып алады. Бәйшешектің гүлдегеніне бір-екі күн



болды. Жоспарлаған уақытымыздан ерте гүлдеді. Жатақхана меңгерушісінен бастап, студенттерімізге дейін ерекше қуанышта», - деп өз әсерімен бөлісті.

«Айналанды нұрландыр!» жобасы аясында игі шаралар жасап жатқан Студенттер үйінің басшылығы мен қызметкерлеріне игі шараларыңыз жалғасын тауып, жақсы жұмыстар нәтижесін бергей деп ақ ниетімізді жеткіздік.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**  
«Қазақ университеті»  
Суретті түсірген автор

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80-інші көктем келді. Осынау ҚазҰУ қалашығында білім алуды кім армандамайды десеңізші. 80 жылда қаншама балғын жасты қанаттандырған ҚазҰУ-да бығл өтетін «Студенттік көктем» көркемөнерпаздар байқауына дайындық жылдағыдан өзгеше.

## ШУАҒЫН ТӨККЕН 80-ІНШІ СТУДЕНТТІК КӨКТЕМ

ҚазҰУ-дың 80 жылдық тарихын насихаттау, ҚазҰУ құрылған жылдан бастап күнтізбе бойынша әр жылдардағы ҚазҰУ студенттерінің ерекшеліктерін сахналау биылғы байқаудың басты мақсаты болып табылады. Факультеттер арасында 1930-2014 жылдар аралығынан жеребе жасалды. 14 факультеттің студенттері жеребе бойынша түскен жылдарда орындалған және осы кезге дейін халық жүрегінде сақталған патриоттық және ретро әндерді, жыр-термелерді, халық билерін, өз уақытында сөнге айналған факстрот, танго, стэп, шейк, рок-н-ролл сияқты билерді, сондай-ақ авторлық шығармаларды да сахналық көріністермен ұштастырады. Орындаушының әні, биі, киім үлгісі барлығы факультет таңдаған жылдардың стилінде болуы қатаң талап етілген. Ал жеребеде көрсетілген жылдар аралығында ҚазҰУ-да қандай жетістіктер болғаны туралы мәлімет арнайы тағайындалған кеңесшімен ақылдасу арқылы жүзеге асады.

Нәтижесінде 17-21 ақпан аралығында Тәрбие жұмысы жөніндегі департаментіне қарасты Студенттер клубының үйірме жетекшілері, «Біз» студенттер театрының режиссері «Жастар рухани орталығында» барлық факультеттердің дайындығын мұқият қарап шықса, «Бақыт» би-

ансамблінің жетекшісі арнайы би залында барлық факультеттердің бишілері халық биінің орындалу шеберлігі үйретуде. Үйірме жетекшілерінің негізгі мақсаты – студент-жастардың актерлік шеберлігін және музыкалық қабілетін, орындаушылық мәдениетіне мән бер сахналық көріністердің кем-кетігі болса, толықтыру, бағыт-бағдарын айту мүмкіндіктерін айқындап беру.

Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайының сахнасында 11-12 наурыз күні факультеттер іріктелген сахналық көрінісімен ақтық сынға түседі. Қазақстан Республикасының белгілі өнер жұлдыздарынан құралған әділ-қазылар алқасы факультеттер бойынша және номинациялар бойынша жүлдегерлерді анықтайтын болады. Ал ең мықты және ең үздік деп танылған нөмірлер ҚазҰУ ректоры Ғ.М. Мұтановтың қатысумен өтетін «Студенттік көктем-2014» гала-концертіне жолдама алады.

Университетіміздің 80-інші көктемінде дәстүрлі түрде өткелі отырған «Студенттік көктем-2014» көркемөнерпаздар байқауы әрбір жас студенттің тарихқа шолу жасап, киелі құндылықтарымызға жауапкершілікпен қарауға ықпал ететіні сөзсіз.

**Шынар КАНАФЬЕВА**  
Студенттер клубының директоры

### ВНИМАНИЕ, КОНКУРС!

КазНУ  
им. аль-Фараби

при поддержке Союза журналистов и Академии журналистики Казахстана проводит открытый конкурс на лучшее освещение деятельности вуза среди журналистов и коллективов редакций отечественных и зарубежных СМИ, посвященный 80-летию университета.

Мероприятие нацелено на привлечение внимания СМИ к вопросам развития казахстанского образования, поддержку участия журналистов и СМИ в освещении образовательной, научной и инновационной деятельности ведущего вуза страны, укрепление позитивного имиджа казахстанского образования и науки в мировом сообществе.

К участию в конкурсе приглашаются зарубежные, республиканские, региональные, городские средства массовой информации и журналисты, опубликовавшие в печатных и он-лайн изданиях или выпустившие в теле- и радиозфире материалы, отражающие историческое и культурное наследие, традиции университета, его научные достижения, а также современную деятельность вуза и перспективы его дальнейшего развития.

Награждение победителей конкурса состоится в конце мая, во время торжественных мероприятий, посвященных празднованию 80-летия КазНУ им. аль-Фараби.

На конкурс принимаются материалы, опубликованные и прозвучавшие в эфире в период с 1 февраля по 20 мая текущего года. Работы направлять по адресу: 050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71, ректорат, пресс-служба КазНУ им.аль-Фараби с пометкой «Конкурс СМИ», каб. №1104, e-mail: Akmaral.Kuanysheva@kaznu.kz. Для контактов: тел.: 377-31-48.

Подробнее с положением о конкурсе можно ознакомиться на сайте <http://www.kaznu.kz>.

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекенжай: [kazuniver-gazeti@mail.ru](mailto:kazuniver-gazeti@mail.ru)  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 202

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.